

#10-11

(985-986)

1 мамыр

2024 жыл

ГАЗЕТ 2005 ЖЫЛДЫҢ 7 ҚАҢТАРЫНАН ШЫҒА БАСТАДЫ

# JAS QAZAQ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЭЛЕКТРОНДЫҚ ГАЗЕТИ



@jasqazaqnews

vk.com.jasqazaq

Jasqazaq

Жас қазақ

jasqazaq.kz

jasqazaqkz



# ТАЗА ҚАЗАҚСТАН

▼ BRENT \$87.53

▼ USD 442.5 T

▼ EUR 473 T

▼ RUB 4,71 T



**МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ ТӨРАҒАЛЫҒЫМЕН ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫНЫҢ ХХХІІІ СЕССИЯСЫ ӨТТІ. ЖИЫНҒА ПАРЛАМЕНТ СЕНАТЫНА ҚХА ҚАТАРЫНАН САЙЛАНҒАН ДЕПУТАТТАР, РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЭТНОМӘДЕНИ БІРЛЕСТІКТЕРДІҢ ЖЕТЕКШІЛЕРІ МЕН МҮШЕЛЕРІ, АССАМБЛЕЯНЫҢ ЕРІКТІЛЕРІ, СОНДАЙ-АҚ БЕЙНЕБАЙЛАНЫС АРҚЫЛЫ ҰЙЫМНЫҢ ӨҢІРЛЕРДЕГІ ДЕЛЕГАТТАРЫ ҚАТЫСТЫ.**

**Қ**асым-Жомарт Тоқаев, ең алдымен, еліміздің бірнеше аймағындағы табиғат апаты салдарын еңсеру үшін жүргізіліп жатқан ауқымды жұмыстарға тоқталып, су тасқыны басталғаннан бері Қазақстан халқы Ассамблеясы да ортақ істен шет қалмай, белсенді әрі үйлесімді жұмыс істеп жатқанын атап өтті. Мұның бәрі өзара жанашыр және тілеулес болудың айқын көрінісі екені айтылды.

Президент түрлі сын-қатерге қарамастан, еліміз стратегиялық

## БІРЛІК.

# ЖАСАМПАЗДЫҚ. ӨРЛЕУ

мемлекеттік саясаттың бұлжымас бағдары болып қала беретінін айтты.

Президент осы мақсатқа жету үшін орындалуға тиіс бірнеше өзекті міндетке арнайы тоқталды.



Фото: akorda.kz

мақсат-міндеттерінен айнымайтынына назар аударды. Атап айтқанда, аз уақыт ішінде жүргізілген саяси реформалар нәтижесінде биліктің барлық тармағы адамның заңды мүддесін, құқығы мен еркіндігін қорғауға және оны ілгерілетуге негізделген жаңа жүйе бойынша жұмыс істей бастады. Ендігі міндет – әділдік, инклюзивтілік, прагматизм қағидаларына негізделген және халықтың әл-ауқатын арттыруды көздейтін жаңа экономика үлгісіне көшу.

Бұл орайда Қасым-Жомарт Тоқаев Ассамблеяның бүгінгі сессиясы «Бірлік. Жасампаздық. Өрлеу» деп аталғанын, барша халқымыздың стратегиялық бағдарының түпкі мәнін осы үш ұғым дәл әрі нақты білдіретінін, бірлік пен ынтымақ басты құндылығымыз және

Қасым-Жомарт Тоқаев, ең алдымен, Ассамблея жұмысын еліміздің жаңа гуманитарлық идеологиялық доктринасымен үйлестіру қажет деп санайды.

Сонымен қатар Президент бүгінде жаһандық катаклизм белең алып, түрлі мемлекеттер арасында әскери-саяси, сауда-экономикалық текетірес, тіпті мәдени-гуманитарлық тартыс күшейіп бара жатқанына тоқталды. Мемлекет басшысы қоғамда ұлтына қарай ерекшеленуге, оқшаулануға ұмтылған кез келген әрекетке, әсіресе, азаматтарды тіліне, ұлтына, дініне немесе мәдениетіне бола арандатуға, я болмаса кемсітуге мүлде жол бермейтін орта қалыптастыру маңызды екенін айтты.

Президент Ассамблеяның институционалдық әлеуетін

нығайту мәселесіне арнайы тоқталып, Ұйымның мемлекеттік органдармен, Парламентпен және мәслихаттармен қарым-қатынасын жақсарту керек екенін атап өтті. Бұл ретте Қасым-Жомарт Тоқаев Ассамблея жетекшілеріне мемлекеттік шешім қабылдау үдерісіне және реформаларды ілгерілету ісіне белсене қатысу, этно-әлеуметтік шиеленіс ошақтарын анықтау және ондай оқиғалардың алдын алуға баса мән беру, Ассамблеяны әлеуметтік тұтастық пен отаншылдықты дәріптейтін институт ретінде нығайту міндеттерін жүктеді.

Мемлекет басшысы сөзін қорытындылай келе, еліміз соңғы жылдары аса күрделі сынақтардың тағы бір тарихи кезеңін бастан өткеріп жатқанын айтып, бірлік пен ынтымақтың арқасында бұл қиындықтың бәрін жеңетімізге, шынығып, ширап, бұрынғыдан да мықты болып шығатынымызға сенім білдірді. Қасым-Жомарт Тоқаев осыған орай: Тарих тоғыстырған тағдырымыз – бір, сеніммен қадам басатын келешегіміз – бір. Біз біртұтас ұлт ретінде әрдайым бабалар аманатына адал боламыз. Қасиетті қара шаңырағымыз – Қазақстанның жарқын болашағын бірге жасаймыз. Біздің мақсатымыз – айқын, бұл – Әділетті Қазақстанды құру. Мен Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігін қорғауды Президент ретіндегі ең басты міндетім деп санаймын, – деді.

**JQ-Aqparat**

(Aqorda.kz материалдары негізінде)



## «МАСС-МЕДИА ТУРАЛЫ» ЗАҢ ӨТКЕН ЖЫЛЫ МӘЖІЛІСТЕ БІРІНШІ ОҚЫЛЫМНАН КЕЙІН ҚАЙТА ТАЛҚЫЛАУҒА ЖІБЕРІЛГЕНІ МӘЛІМ. 17 СӘУІРДЕ МӘЖІЛІС АТАЛМЫШ ЗАҢДЫ ЕКІНШІ ОҚЫЛЫМДА ҚАБЫЛДАДЫ.

**Б**ұл ең қызу талқыға түскен заң жобасы болғаны анық. Мәселен, пресс-картаны енгізуге, әсіресе, бейресми ұйымдардың өкілдері үзілді-кесілді қарсы шықты. Олардың уәжі «пресс-картаның еш пайдасы жоқ, қызмет куәлігі де жеткілікті» дегенге сайды. Ақырында пресс-карта заң жобасынан алып

ескіру мерзімін үш жыл деп белгілеу ұсынылған. Бірақ жаңа заң жобада бір жыл деп белгіленді. Әлбетте, бұл журналистер үшін тамаша жаңалық. Өйткені баяғыда жарық көрген дүниелер үшін сотқа беретіндер бар.

Кейде қандай да бір мемлекеттік мекемеден ақпарат алу қиынға соғатынын тәжірибелі журналистер жақсы біледі. Сондықтан заңға тілші қауымның (редакцияның) сұрақ-өтінішіне жауап беру мерзімін бес жұмыс күніне дейін қысқарту туралы өзгеріс енгізілді. Заң күшіне енгеннен кейін журналист кез келген мемлекеттік органның баспасөз қызметінен ақпарат беруді сұраса, олар 5 күннің ішінде жауап беруге міндеттеледі.

жобаны жүзеге асыруға грант бөлуді қамтиды. БАҚ үшін грантты арнайы оператор бөледі. Мәдениет және ақпарат министрлігі өкілдері түсіндіргендей, грант бөлуде түрлі критерийлер есепке алынады.

Заң жобасында айтылғандай, бұқаралық ақпарат құралдарына бөлінетін грант отандық контентті дамытуға, еліміздің ақпараттық тәуелсіздігін қамтамасыз етуге һәм қорғауға бағытталады. Бұл БАҚ-та мемлекет пен қоғам мүддесінен шығатын ақпарат дайындау және тарату жолымен жүзеге асырылмақ.

Заң жобасындағы жақсы бір өзгеріс – баспасөзге жазылуды бюджеттен қаржыландыру. Ол жоғары оқу орындары мен

# «МАСС-МЕДИА ТУРАЛЫ» ЗАҢ БАСПАСӨЗДІҢ БАҒЫН АШАДЫ

тасталды. Дегенмен заңда шетелдік журналистерді тіркеу туралы норма қалды. Бұл енді сыртқы істер министрлігінің құзырында. Егер СИМ тіркеуден бас тартса, шетелдік БАҚ журналистеріне жұмыс істеуге рұқсат берілмейді.

Заң жобасындағы тағы бір жаңалық – келесі жылдан бастап мемлекеттік тілдегі телерадио бағдарламалары мен отандық медиа өнім көлемі 55 пайызды, ал 2027 жылдан бастап 60 пайызды құрауы тиіс. Демек отандық телеарналар мен радиода қазақ тілінде шығатын бағдарлама көбейеді. Әлбетте, бұл өзгеріс қазақ тілінің мәртебесін көтеруді көздейді. Сондай-ақ көптен бері айтылып жүрген бір түйткіл – БАҚ материалдарының ескіру мерзіміне қатысты. Алдыңғы жобасында



Тағы бір өзгеріс – желілік басылымдар мен ақпарат агенттіктері интернет-басылым деген терминмен белгіленеді. Ол үшін бұқаралық ақпарат құралы ретінде тіркеуден өтуі керек.

Заң жобасында мемлекеттік тапсырыс рәсімін өзгерту де ұсынылды. Бұл нақты медиа

техникалық, кәсіби білім беретін оқу орындарының студенттерін жаздыру арқылы жүзеге асырылмақ. Егер газет-журналға шынымен осындай қолдау жасалса, алдағы уақытта қағаз басылымдар оқырманмен қауышуы мүмкін.

**Наргүл МЫРЗАХМЕТ**



**ОТАНДЫҚ КӨМІРСУТЕГІ САЛАСЫН ДАМУДА АСА МАҢЫЗДЫ ҚАДАМ ЖАСАЛДЫ. ЖАҢАӨЗЕНДЕ МҰНАЙ-ГАЗ ҚҰРАЛ-ЖАБДЫҚТАРЫН ШЫҒАРАТЫН ЗАУЫТ САЛЫНАДЫ. «ҚАЗМҰНАЙГАЗ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫНЫҢ (ҚМГ) ҚОЛДАУЫМЕН ЖҮЗЕГЕ АСАТЫН ЖОБАҒА ИНВЕТОРДЫҢ 17 МЛРД ТЕҢГЕ КӨЛЕМІНДЕ ҚАРАЖАТЫН ТАРТУ КӨЗДЕЛІП ОТЫР.**

**ҚМГ** баспасөз қызметі хабарлағандай, бұл кәсіпорында жылына 51 мың тонна құбыр, 540 мың сорғы шыбықтары мен 100 дана мұнай жылытқышы жасалады.

Өндіріс орны Маңғыстау облысының әлеуметтік-экономикалық өркендеуіне ықпалын етері анық. Кәсіпорын пайдалануға берілгенде 250 жұмыс орны пайда болады. Оған жергілікті тұрғындарды тарту көзделген. Жоспарға сәйкес, жаңаөзендіктер кәсіби білім алып, үш жылда кезең-кезеңмен қабылданады.

Айта кеткен жөн, бірегей кәсіпорын «ҚазМұнайгаз» ұлттық компаниясының Жаңаөзенде мұнай-газ жабдықтары өндірісін

орталығы ретінде көргіміз келеді» деді.

ҚМГ басшысының пікірінше, Жаңаөзенде жаңа зауыт салу – инфрақұрылымға ғана емес, өңірдің келешегі мен тұрақтылығына жасалған құнды инвестиция. Компания экономика мен әлеуметтік тұрақтылықты нығайта отырып, жаңа жұмыс орындарын ғана емес, қаланың әрбір тұрғынының дамуы үшін жаңа мүмкіндіктерге жол ашпақшы.



бюджетке түсетін түсім көлемін арттырады» деді. Әкім өндірістік тиімділікті жақсартуға баса назар аудара отырып, өңдеу өнеркәсібі мен отандық өндірісті дамыту жөніндегі шараларды жалғастыру қажеттігін айтты.

## ЖАҢАӨЗЕНДЕ ЖАҢА КӘСІПОРЫН САЛЫНАДЫ



қалыптастыру үшін инвесторлар тарту бағдарламасы аясында жүзеге асады. Зауыттың ерекшелігіне тоқталған «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасы Мағзұм Мырзағалиев: «ҚазМұнайГаз» өндірісіне қажет өнімдер мен тауарлар түрін сараптай келе оларды Жаңаөзен қаласының өзінде шығару туралы бастама көтерілді. Бұл инфрақұрылымға ғана емес, өңірдің келешегі мен тұрақтылығына жасалған құнды инвестиция. Бүкіл өңірді табысқа жетелейтін дамыған өнеркәсіп

Жаңа кәсіпорын өңір экономикасын әртараптандыруға да мүмкіндік береді. Осы мәселеге тоқталған Маңғыстау облысының әкімі Нұрлан Ноғаев: «Былтыр қыркүйекте облыс әкімдігі мен «ҚазПетроДриллинг» компаниясы арасында Жаңаөзен қаласында зауыт салу жөніндегі жобаны іске асыру бойынша өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойылды. Бұл жоба жаңа жұмыс орындарын ашып қана қоймай, өңірдің экономикасын әртараптандыруға ықпал ете отырып, жергілікті

Ұлттық компания инвестиция тарту бағдарламасына сәйкес Жаңаөзенде «ҚазМұнайГаз» бен оның еншілес ұйымдарына қажет жабдықтар өндірісін салуға кепілдік беретін әлеуетті инвесторларды іріктейді. Осы мақсатпен тауарлар тізбесі бекітіліп, сатып алу тәртібіне өзгеріс енгізілді. Кәсіпорынды «Каскор-Машзавод» серіктестігі тұрғызады. Ал жобаға «Өзенмұнайгаз» компаниясы жетекшілік етеді. Болашақта шығарылатын жабдықтар өзге мұнай компаниялардың да қажетін өтейді. "Каскор-Машзавод" ЖШС Бас директоры Болат Архаров бұл жөнінде былай дейді:

«Тек ғана «Өзенмұнайгазға» қажеттілік емес, «Маңғыстаумұнайгаз», «Қаражанбасқа», «Ембімұнайгазға» қажетті біздің өнімдеріміз».

Мемлекет басшысы Маңғыстау өңірінде жаңа жұмыс орындарын ашу, тиімді жобаларға инвестиция тарту жөнінде тапсырма берген болатын. Соған сәйкес, жаңа зауытты биыл желтоқсанда іске қосу жоспарланып отыр.



МӘЖІЛІСТІҢ ЖАЛПЫ ОТЫРЫСЫНДА «ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КЕЙБІР ЗАҢНАМАЛЫҚ АКТІЛЕРІНЕ ОЙЫН БИЗНЕСІ, ЛОТЕРЕЯЛАР ЖӘНЕ ЛОТЕРЕЯ ҚЫЗМЕТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ» ЗАҢДЫ БІРІНШІ ОҚЫЛЫМДА МАҚҰЛДАДЫ.

## ОЙЫН БИЗНЕСІНІҢ ЖАРНАМАСЫН ШЕКТЕУ ЖӘНЕ ЛОТЕРЕЯ ҚЫЗМЕТІН РЕТТЕУ

Заң жобасына сәйкес, интернет ресурстарында, ресми сайттарда, телеарналар мен радиода, мерзімді баспасөзде, мобильді операторлардың sms-хабарламасында букмекерлік жарнамаға толық тыйым салынады. Белгілі блогерлер мен әлеуметтік желідегі танымал тұлғаларға мұндай ойын түрлерін



жарнамалауға тыйым салынады. Жарнама тек спорт нысандары, спорт сайттары, телеарналар мен спорттық іс-шараларда ғана рұқсат етіледі. Ойында бәс тігу жасы 21 жастан 25 жасқа дейін көтеріледі. Заңсыз лотоматиктер жойылады. Балалар, білім беру, медициналық, діни және діни ұйымдар орналасқан тұрғын үйлер мен ғимараттарда лотерея билеттерін таратуға және лотерея терминалдарын орнатуға тыйым салынады.

МОПЕД МЕХАНИКАЛЫҚ КӨЛІК ҚҰРАЛЫНА ЖАТҚЫЗЫЛЫП, ТІРКЕУГЕ АЛЫНАДЫ. АЛ ЖҮРГІЗУШІЛЕРІ МЕМЛЕКЕТТІК БАЖ САЛЫҒЫН ТӨЛЕЙДІ. БҰЛ ТУРАЛЫ МӘЖІЛІС ОТЫРЫСЫНДА ТИІСТІ ЗАҢ ЖОБАСЫН ТАЛҚЫЛАУ КЕЗІНДЕ АЙТЫЛДЫ. ЗАҢ ЖОБАСЫН ДЕПУТАТТАР БІРІНШІ ОҚЫЛЫМДА МАҚҰЛДАДЫ.



Құжатта мопедтерді жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша уәкілетті мемлекеттік органда мемлекеттік тіркеуге жататын көлік құралдарының тізбесіне енгізу ұсынылды. Сонымен

## МОПЕД ТІЗГІНДЕУШІЛЕР ЖҮРГІЗУШІ КУӘЛІГІН АЛАДЫ

қатар, мопедтерді механикалық көліктерге теңестіру, механикалық көлік құралдарының жүргізушілеріне қойылатын талаптарға сәйкес мопед жүргізушілерінің құқықтары мен міндеттерін айқындау ескерілген», – делінген.

Мопед жүргізушілеріне «А1» санатындағы жүргізуші куәлігінің болуы туралы (16 жастан бастап беріледі) талап қою ұсынылды. Бұл әр мопедті тіркеуге және оны тізгіндеушілерге механикалық көлік құралдарының жүргізушілері үшін қарастырылған талаптарды қоюға мүмкіндік береді. Осылайша жүргізуші куәлігін алу, сақтандыру полисін рәсімдеу, көлік құралына техникалық тексеру жүргізу және басқа да мәселелер шешіледі. «Аталған заң жобасы қабылданғаннан кейін мопед жүргізушілері жолдағы көлік қозғалысы ережелерін бұзғаны үшін механикалық көлік құралдарының жүргізушілері сияқты жауапкершілікке тартылады.

НАУРЫЗ АЙЫНДА БОЛҒАН МӘСКЕУ ТҮБІНДЕГІ ҚАЙҒЫЛЫ ЖАҒДАЙ БЕЙҚАМ ОТЫРУҒА БОЛМАЙТЫНЫН ТАҒЫ БІР КӨРСЕТТІ. ОСЫДАН KEЙІН ЕЛІМІЗДЕГІ ЖҰРТ КӨП ЖИНАЛАТЫН ОРЫНДАРДЫҢ ЛАҢКЕСТІК ШАБУЫЛҒА ҚАНШАЛЫҚТЫ ДАЙЫН ЕКЕНДІГІ ТЕКСЕРІЛЕ БАСТАДЫ. АЛ ШЫНДЫҒЫНДА, БҰЛ ЖАЙ ҒАНА ТЕКСЕРУМЕН ШЕКТЕЛМЕУІ ТИІС. МӘЖІЛІС ДЕПУТАТЫ ДАРХАН ҚЫДЫРӘЛІ ӨЗІНІҢ ДЕПУТАТТЫҚ САУАЛЫНДА БҰЛ МӘСЕЛЕНІҢ БАСҚА ДА ҚЫРЛАРЫН АШТЫ.

ДАРХАН ҚЫДЫРӘЛІ,  
СЕНАТ ДЕПУТАТЫ:



Фото: senate.parlam.kz

# ТУҒАН ЖЕР ТҰРҒАН ЖЕРМЕН ӨЛШЕНБЕЙДІ

Крокуста болған қайғылы жағдайдан кейін елімізге ағылатын еңбек мигранттарының саны артатыны болжанып отыр. Осыған байланысты елімізге қанша адам келеді, олар еңбек нарығына қалай әсер етеді, біз оған дайынбыз ба деген сұрақтар туындайды? Олардың арасында деструктивті

діни ағымдарға қатысы барлар қанша? Соңғы кездері көрші елдерде жиһадшыл, тәкфіршіл радикал ағымдардың белсенділігі арта түскенін ескерсек, бұл ел қауіпсіздігі тұрғысынан маңызды. Мемлекет басшысы осыған байланысты Қауіпсіздік кеңесінің отырысын өткізіп, терроризмге

қарсы күрес мақсатында өзге мемлекеттермен ықпалдастықты арттыру туралы тапсырма берген еді.

Елімізге 2022 жылы күз айларында 400 мыңнан аса релоканттың келгені белгілі. Олардың көбі өзге елдерге кеткенімен, қалғандары біздің

қоғамға бейімделіп, сіңісе алды ма? Еңбек нарығына және базардағы бағаға қалай әсер етті? Бұл туралы зерттеулер бар ма? Жалпы мигранттар туралы жүйелі әлеуметтік зерттеулер жүргізу қажет. Миграция – адамдардың бей-берекет қозғалысының механикалық процесі ғана емес. Ол, ең алдымен, бейімделу үрдісі, әлеуметтік жағдай мен өмір салтының өзгеруі. Сондықтан еңбек мигранттары мен қоныс аударушыларға ақпараттық, заңнамалық, тілдік, мәдени қызмет көрсететін арнайы бейімдеу орталықтары болуы керек. Мұндай қадам мигранттардың ел дамуына қосар үлесін арттыра түсері анық.

Тағы бір мәселе, көршілес елдерден келетін мигранттар арасында тіркеусіз жүргендер

ЕЛІМІЗГЕ 2022 ЖЫЛЫ КҮЗ АЙЛАРЫНДА 400 МЫҢНАН АСА РЕЛОКАНТТЫҢ КЕЛГЕНІ БЕЛГІЛІ. ОЛАРДЫҢ КӨБІ ӨЗГЕ ЕЛДЕРГЕ КЕТКЕНІМЕН, ҚАЛҒАНДАРЫ БІЗДІҢ ҚОҒАМҒА БЕЙІМДЕЛІП, СІҢІСЕ АЛДЫ МА? ЕҢБЕК НАРЫҒЫНА ЖӘНЕ БАЗАРДАҒЫ БАҒАҒА ҚАЛАЙ ӘСЕР ЕТТІ? БҰЛ ТУРАЛЫ ЗЕРТТЕУЛЕР БАР МА? МИГРАНТТАР ТУРАЛЫ ЖҮЙЕЛІ ӘЛЕУМЕТТІК ЗЕРТТЕУЛЕР ЖҮРГІЗУ ҚАЖЕТ.



бар ма? Мәселен, Байқоңыр қаласына әуе жолымен кіріп, осы қаладан басқа елді мекендерге өтетін шетелдіктерді тіркеу тәртібі мен есепке алудың заңнамалық механизмі қандай?

Елімізге келушілер арасында заңсыз еңбек мигранттары да аз емес. Мамандардың пікірінше, заңсыз еңбек мигранттары біліктілігі жоқ жұмыс күшін көбейтіп, көлеңкелі секторды дамытады.

Бұл мәселеде заңымыз солқылдақ, жемқорлық та жоқ емес. Миграция туралы сөз болғанда, қандастарға тоқталмай кете алмаймыз. Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігі әзірлеген «Ата жолы» картасының мүмкіндіктері заңды түрде бекітілуі тиіс. Бұл карта этникалық қазақтарға берілетін қандас мәртебесімен теңестірілуі керек. Қандастарға берілетін квотаны да көбейту қажет. Мәселен, Ақмола облысына бөлінген 285 квота қаңтар

халықтың тығыздығы солтүстік өңірлермен салыстырғанда төрт есе жоғары болады.

Сарапшылар мигранттар шектен тыс шоғырланған жағдайда, анклавқа айналып, жергілікті халықпен

**ЕҢБЕК ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ МИНИСТРЛІГІ  
ӘЗІРЛЕГЕН «АТА ЖОЛЫ» КАРТАСЫНЫҢ МҮМКІНДІКТЕРІ  
ЗАҢДЫ ТҮРДЕ БЕКІТІЛУІ ТИІС. БҰЛ КАРТА ЭТНИКАЛЫҚ  
ҚАЗАҚТАРҒА БЕРІЛЕТІН ҚАНДАС МӘРТЕБЕСІМЕН  
ТЕҢЕСТІРІЛУІ КЕРЕК. ҚАНДАСТАРҒА БЕРІЛЕТІН КВОТАНЫ  
ДА КӨБЕЙТУ ҚАЖЕТ.**



Фото: gov.kz

**СОЛТҮСТІК ӨҢІР ӘКІМДІКТЕРІ ХАЛЫҚ КӨБІРЕК КӨШЕТІН  
АУДАНДАРДА ФРОНТ-ОФИС ТҮРІНДЕ ӨКІЛДІКТЕР  
АШЫП, ТҮСІНДІРУ ЖҰМЫСТАРЫН АРТТЫРҒАНЫ  
ЖӨН. ІШКІ КӨШІ-ҚОНДЫ ҮЙЛЕСТІРУГЕ АРНАЛҒАН  
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ПОРТАЛ МЕН МӘЛІМЕТТЕРДІҢ  
БІРЫҢҒАЙ БАЗАСЫН ДА ЖҮЙЕЛІ ЖАНДАНДЫРУ  
ҚАЖЕТ.**

айында, Рудныйға бөлінген 200 квота ақпан айында игерілген.

Жалпы сыртқы және ішкі миграция мәселелері Сенатта өткен Үкімет сағатында кеңінен талқыланды. Сенат Төрағасы М.С.Әшімбаев атап өткендей, оңтүстіктен солтүстікке ерікті қоныс аудару бағдарламасы күтілген нәтижені бермегенін мойындау керек. Болжамдарға сәйкес, 2050 жылға қарай оңтүстік өңірлердегі халық саны 5,2 млн адамға артып,

түрлі түсініспеушілік туғызатынын ескертеді. Осыған байланысты, Қазақстанға келгендердің басым бөлігі Маңғыстау өңіріне тұрақтағанын ескерсек, солтүстікке қоныс аудару бағдарламасына оңтүстікпен бірге батыс аймақтарды да қосқан абзал.

Туған жер – тұрған жермен өлшенбейді. Мемлекет басшысы Құрылтайда атап айтқандай, Қазақстанның қай түкпірі де біздің туған жеріміз, сондықтан оның барлық аймағын бірдей жақсы көріп, дамуына үлес қосуымыз керек.

Қазір кейбір облыстарда миграция мәселесі аппарат басшыларына жүктелген, маңыздылығына орай бұл мәселемен арнайы әкім

орынбасарлары айналысуы тиіс деп есептейміз. Сонымен қатар солтүстік өңір әкімдіктері халық көбірек көшетін аудандарда фронт-офис түрінде өкілдіктер ашып, түсіндіру жұмыстарын арттырғаны жөн. Ішкі көші-қонды үйлестіруге арналған республикалық портал мен мәліметтердің бірыңғай базасын да жүйелі жандандыру қажет.

БҰҰ көші-қон агенттігінің сауалнамасына қатысқан азаматтар көшуге ынталандырған басты себеп ретінде 51,6% жұмыс және 35,2% үй алу мүмкіндігін атаған екен.

Осыған байланысты жаңа жұмыс орындарын ашумен бірге ерікті қоныс аударушыларға, әсіресе, жастарға әлеуметтік келісімшарттың талаптары негізінде, пәтерді 5 жыл өткеннен кейін жекешелендіру құқығымен жалға беру – ішкі көшті жандандыруға септеседі деген ойдамыз.

**ОНОМАСТИКА САЛАСЫНДА МЕМЛЕКЕТТІК ИДЕОЛОГИЯНЫҢ ОРНЫҒУЫ ҮШІН ӘРБІР ҚАДАМЫМЫЗ ЗАМАН ТАЛАБЫНА ЖАУАП БЕРІП, ЕЛДІК МҮДДЕМІЗГЕ СӘЙКЕС БОЛУҒА ТИІС. АЛ ЖАҢА ДӘУІРІН БАСТАҒАН ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ОНОМАСТИКА МӘСЕЛЕСІ ЗИЯЛЫ, ҒЫЛЫМИ ОРТАҒА, ӘСІРЕСЕ ЗАҢҒЕРЛЕРГЕ, ЖЕРГІЛІКТІ БАСШЫЛАРҒА ЕЛЕУЛІ МІНДЕТ ЖҮКТЕП ОТЫР.**



Фото: pavlodarnews.kz

# АТАУ БЕРУ – МЕМЛЕКЕТТІК ІС

Ономастиканың ғылыми негізделген, өлшемшарттары (критерийлері) толық айқындалған заңдық жүйесі жасалмайынша, аталған салада бұрынғы қателіктер қайталана беретіні анық. Ал мұндай істе көне сүрлеумен, ескі жолмен жүруге болмайтынын өмірдің өзі дәлелдеп отыр. Бұл, әрине, оңай әрі тез жүзеге асатын шаруа емес. Азаматтық сананың өсіп-жетілуі ғана тәуелсіз ел құндылықтарын қадір тұту мәдениетін қалыптастырады.

Мысалы, Түлкібас ауданындағы Тұрар Рысқұлов ауылы айтуға да, жазуға да, дәстүрге де қолайсыз. Бұрынғы тарихи атауы Майлықент екені белгілі. Соған сай Тұраркент атауын ұсынғанымызда, халық жақсы қабылдап еді. Осы ұсынысты бірлесе жүзеге асыруға қазір кедергі жоқ деп ойлаймыз.

Сондай-ақ мәдени, ағартушылық тағы басқа орындарға атау бергенде

Қазақ еліне қатысты Шығыс және ұлтты біріктіретін құндылықтарына басымдық берген жөн.

Ұлттық құрылтайда көтерілген ономастика мәселесі бойынша Парламент Мәжілісі арнайы заң қабылдайтын мезгіл де жеткен сияқты. Жекелеген елдерде ондай тәжірибе, заң құжаты бар.

Біздіңше, «Жалпыхалықтық дәрежедегі, адамзаттық, қоғамдық маңызы бар тарихи оқиғалардың, ірі қайраткерлердің, ғылым, мәдениет, өнер тұлғаларының атын ұрпақ есінде қалдыру туралы» заң әзірлеу қажет-ақ.

Сонымен қатар, ономастикасының 30-50 жылға арналған тұжырымдамасы жасалып, оны қалалардың бас жоспары мен даму жобасында ескерген жөн.

Өйтпейінше, өткен дәуірді еске салатын кеңестік-большевиктік атаулардан құтыла алмаймыз. Өкінішке қарай, маңызды мемлекеттік істе субъективті жағдайлар етек алып, «таныстары мен танитындарын тықпалау» фактілері жалғаса беретін болады.

Түркістанда өткен арнайы жиында осы және басқа да ойларымызды көпшілікке жария еттік.



ДАРХАН МЫҢБАЙ,

МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ



ГИМАЛАЙДАҒЫ ЭВЕРЕСТ БАЗАЛЫҚ ЛАГЕРІ. «KAZAKH EVEREST TEAM» ЭКСПЕДИЦИЯСЫНА ҚАТЫСУШЫЛАР АЙЛЕНД ПИККЕ (6186 М) СӘТТІ КӨТЕРІЛГЕННЕН KEЙІН ТАУДАҒЫ МҰЗДЫ ЖАТТЫҒУЛАРЫН ЖАҢҒЫРТТЫ. ҚАЗАҚСТАНДЫҚ АЛЬПИНИСТЕР ТОБЫ БАЗАЛЫҚ ЛАГЕРЬДЕН ШЫҒЫП, КХУМБУ МҰЗДЫҒЫНА ҚАРАЙ БАҒЫТ АЛДЫ. ОЛ 22 ШАҚЫРЫМҒА СОЗЫЛЫП ЖАТҚАН 5700–5900 М БИİKТЕ.

# ЭВЕРЕСТІ БАҒЫНДЫРУ: ЖАТТЫҒУ ЖАЛҒАСУДА



**М**ұздықтың бүкіл ұзындығы бойынша биіктігі 20-30 м-ге дейін созылатын сұр шекпен (мұз тістері мен тіректері) кездеседі. Осы аптаның соңына дейін созылатын жаттығуларға баспалдақтар, арқандар және басқа да альпинистік құралдарды қолдана отырып, жарықтар арқылы өту кіреді. Топ мүшелері жіберген фотосуреттер бұлт биігіндегі аумақтардың қаншалықты күрделі және қауіпті екенін көрсетеді.

Естеріңізге сала кетейік, өткен аптаның ортасында «Kazakh Everest Team» экспедициясының қатысушылары алғашқы күрделі

биіктікке – Айленд шыңына акклиматизациялық көтерілуге бел буғаннан кейін базалық лагерьге (5350 м) түскен болатын. Біздің тау бағындырушыларымыз – экспедиция жетекшісі Мақсұт Жұмаев пен Анар Бурашева Айленд Пикке шықты, оларды жергілікті шерптерден жол бастаушы ертіп жүрді. Оның басында экспедиция құрамында болған қалған қатысушылар Мақсұт Жұмаевтың шешімі бойынша 6 000 метрден кері жіберілді. Оған қатысушылардың денсаулығына қауіп төндіретін күтпеген жағдайлардың алдын алу себеп болған. Олар аралық

лагерьге аман-есен оралды. «Kazakh Everest Team» экспедициясына қатысушылардың бір бөлігіне биіктікке бейімделу ауыр соғып жатыр. Бірақ бұл бірақ белсенді жаттығулар тоқтамайды

Гималайда және бүкіл маршрут бойында команда мүшелері қосымша қажетті физикалық күш-жігер алып, биікте болуға бейімделді. Алайда шаршау мен күштің жетіспеушілігі денеге аса қажет болатын оттегі алуына ықпал етеді, сондықтан тау ауруына тән көрінісі әрі адамдарға осы қиын жағдайларға бейімделу үшін әртүрлі уақыт қажет екенін атап өткен жөн.



## БИІК ШЫҒДА



Қатысушылардың дайындығына қарамастан, биіктік те, онымен байланысты «тау ауруы» да кедергі болатынын ұмытпау керек. Мақсұт Жұмаевтың айтуынша, экспедиция мүшелері экстремалды таулы жерлерге бейімделу қиын болады деп болжаған. Акклиматизация процесі оңай емес – бас ауруы, жөтел, құсу және тәбет пен күштің болмауы белгілерімен келетін гипоксия. Бұл барлық жағдайда бола бермесе де, осындай биіктікте және осындай жағдайларда жиі

кездесетін құбылыс. «Мұндай биіктікте қарапайым өмірде ерекше мән бере бермейтін нәрселер туралы ойлануыңыз керек. Мысалы, егер ыңғайсыз күйде ұйықтасаңыз, онда таңертең мойын өте ұзақ уақыт бойы ауырады», – деп бөліседі әсерін Анар. Біздің қатысушыларда аурудың барлық белгілерін жеңілдететін қажетті дәрі-дәрмек бар. Базалық лагерьде экспедицияға қатысушының бәрі де жағдайын бақылайтын жергілікті дәрігерлер жұмыс істейді.

Соған қарамастан, «Kazakh Everest Team» өкілдері рухы мықты әрі экспедицияны жалғастыруға бел буып отыр. Олар базалық лагерьде жаттығу кезінде жалпы жағдай тұрақтанады және олар көп ұзамай белгілі бір биіктерге бейімделетініне сенімді. Моральдық ерік-жігері биікке өрлеу мен жаттығуда шешуші рөл атқарады. «Базалық лагерьде альпинистердің болуы қуаныш сыйлайды, мен өзім «атланттар» деп атаймын, олардың оттегісіз 14 сегізмыңдық шыңға көтерілген



тәжірибесі бар, олардың бірі – біздің Мақсат, біз жолымыз болды деп ойлаймын! Бұл альпинистердің болуы мені жігерлендіріп, жетістікке жететініме сенім береді!» – дейді Анар жіберген дауыстық хабарламаларында.

– Команда әдеттен тыс суық температураға бой үйретіп жатыр, әсіресе, түнде. Базалық лагерьдегі тамақтануымыз да өте жақсы, организмнің барлық қажеттілігін өтейді, ақуыздың көзі ретінде ет, көкөністер, жылынатын сусындар





## БИІК ШЫҒДА



Гималайдағы көптеген экспедиция, соның ішінде «Kazakh Everest Team» көтерілу уақытын II Лагерьге ауыстыруға мәжбүр болады. Мақсұт Жұмаевтың айтуынша, осы биіктікке дайындалған альпинистердің кемінде 100-150 адамы өтіп, кез келген қауіпті жойып, маршрутты сынап көргеннен кейін ғана екінші лагерьге шығуы керек. Эверест шыңына ақырғы көтерілу алдында 7300 м биікте



бар. Белгілі бір қиындықтарға қарамастан, экспедиция мүшелері бұдан кейінгі өрмелеуге дайын деп санаймын, – деп атап өтті экспедиция жетекшісі Мақсұт Жұмаев.

Қазіргі уақытта базалық лагерьдегі ауа райы күрделі. Осы уақытқа дейін басқа елдерден келген экспедициялардың барлығы дерлік базалық лагерьге толық құрамда жете алған жоқ. Ауа райына байланысты кестеде айтарлықтай кешігіп, шерптер командасы I Лагерьге (6100 м) келді, оның алдында Кхумбу мұздығы арқылы II Лагерьге (6400 м) маршрут жүргізу міндеті тұр. Ауа райының қолайсыздығына байланысты қазір



– «Kazakh Everest Team» II Лагерьге дейін асығыс шығуға әрекет жасамайды, ал біз жаттығулар мен акклиматизацияны жалғастырамыз және базалық лагерьде беткейлердің жай-күйі және III Лагерьдің экспедицияларды қабылдауға дайындығы туралы жаңалықтарды күтеміз. III Лагерьді орнатудың болжамды күнін ешкім білмейді. Біздің міндеттеріміз: қатысушылардың хал-ахуалын тұрақтандыру, биіктегі жаттығуларды жалғастыру, альпинистік дағдылар мен дене шынықтыруды жақсарту, ең бастысы, қолайлы сәтті күту, – деді «Kazakh Everest Team» экспедициясының жетекшісі Мақсұт Жұмаев.



орналасқан III лагерьге көтерілу әзірше жоспарда жоқ.

Бұл дегеніміз «Kazakh Everest Team» экспедициясының қатысушылары Эверест шыңына (8848 м) соңғы көтерілудің басталуы уақыт бойынша ауысатынын білдіреді. Команда маршрутты шерптер мен басқа да жаппай экспедициялардың тәжірибелі альпинистері толық пысықтағанша күтеді.

Команда Гималайдан байланыс болған кезде өз жоспарларын хабарлауға және қазіргі жағдайын хабарлауға уәде берді. Базалық лагерьде экспедиция қатысушыларымен бірге видеооператорлар бригадасы да бар. Олар планетаның ең биік шығы Эвереске өрлейтін отандық батыл команда туралы фильм түсіріп жатыр.

**Сұңқар ҚАРАБАЛИН,**  
Jas Qazaq шолушысы



# САХАНЫҢ САН ҒАСЫРЛЫҚ БАЙ МӘДЕНИЕТІ



**Астанадағы Қазақстан Ұлттық музейінде «Якутия қазынасы» атты көрме өтіп жатыр. Саханың мәшһүр қолданбалы өнер шеберлері мен зергерлерінің қолынан шыққан көз жауын алар бұйымдар келушілерді тәнті етті. Көрме жылқы өсіру мәдениетінен сыр шертетін дүниелер де бар.**

*Суреттер: simekh-saha.com*



**Бас редактор**

**Срайыл СМАЙЫЛ**

**Гүлнар АХМЕТОВА**  
Директор

**РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:**

**Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ**  
продюсер-менеджер

**Ғалия ҚАЛИЕВА**  
дизайнер/фотосуретші

**Әбубәкір СМАЙЫЛОВ**  
Астанадағы меншікті тілші

**Мақпал НОҒАЙБАЕВА**  
редактор

**МЕНШІК ИЕСІ: «Аманат Медиа» ЖШС**

**Бас есепші Расима ӘКІМБЕКОВА**

**Редакцияның мекенжайы:**

050012, Алматы қаласы, Мәуленов, 85 үй,  
№83 кеңсе, 5-қабат

(*Бөгенбай батыр көшесінің қиылысы*)

Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25

Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі)